



№10 АЙ САЙЫНҒЫ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ 2014 ЖЫЛҒЫ 12 ҚЫРКҮЙЕК

«ТКО» ЖШС 2014 жылғы 16 қыркүйек пен 15 қазан мерзімі аралығында 2014 жылға технологияларды коммерцияландыруға арналған гранттар Бағдарламасына қатысуға өтінімдерді қабылдайды.

Бағдарлама мақсаты – өтінім берушілердің идеяларының коммерциялық жағдайын анықтау, озық халықаралық тәжірибені ескере отырып технологияларды лицензиялау, старт-ап компанияларды құру және/немесе жоғарытехнологиялық өнімдерді сату мақсатында оларды қаржыландыру.

Гранттық бағдарламаны іске асыру гранттардың 2 типіне бөлінеді:

– тұжырымдаманы негіздеу (техникалық құжаттарды әзірлеу және оларды сертификаттау және т.б.) – **22 млн. теңге және 6 айға дейінгі мерзіммен;**

– өнеркәсіптік түптулғаны құру (тәжірибелік-өнеркәсіптік немесе ұсақ-сериялық өндіріске шығу) – **74 млн. теңге және 12 айға дейінгі мерзіммен.**

Берілген бағдарламаның ерекшелігі, «ТКО» ЖШС қызметкерлері грантты иеленушілерге тәжірибелік қолдау көрсету жүйесін енгізу болып табылады. Технологияларды нарыққа жылжыту бойынша әрбір жобаға қазақстандық-америкалық мамандар командасы бөлінетін болады.

Басымды бағыттар:

1. Табиғи қорларды тиімді пайдалану; шикізат және өнімдерді қайта өңдеу;
2. Энергетика және машина жасау;
3. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;
4. Ғылым және өмір

Өтінім берудің аяқталу мерзімі: «15» қазан Астана уақыты бойынша сағ. 18.00

Гранттық бағдарлама қатысты барлық сұрақтар бойынша :

Мұрат Мақсұтұлы Сартбаев, 8-7172-79-25-68,

Толық ақпарат: www.cest.kz сайтында



ӨТКІЗІЛГЕН ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАНҒАН ІС-ШАРАЛАР

1. Өскемен қаласындағы «Инновациялар және жаңа технологиялар кеңесі» мәжілісіне қатысу.

Кеңес мәжілісі Шығыс-Қазақстан облысының әкімі Б.М. Сапарбаевтың және Шығыс-Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Е.Б. Көшербаевтың төрағалығымен өтті.

Кеңес мәжілісінде «ТКО» ЖШС-нің Бас директоры Д.А. Егізбаев «Технологияларды коммерцияландыру орталығы» ЖШС-нің қызметі туралы» тақырыбында және «CRDF Global» Сарапшылар Тобының Бас сарапшысы Эрик Азулэй «Қазақстандағы инновациялар және коммерцияландыру» тақырыбында сөз сөйледі.

2. Өткізілген семинарлар

Өскемен, Павлодар, Петропавл, Көкшетау қалаларында «Технологияларды коммерцияландыру негіздері» тақырыбында екікүндік семинарлар өткізілді. Семинар жұмысына мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеулік кеңселер, жоғары оқу орындар қызметкерлері, коммерцияландыру, инновациялық және жоғарытехнологиялық кеңселердің менеджерлері қатысты. Дәрісті «ТКО» ЖШС-нің және CRDF Global қызметкерлері оқыды.

Семинарлар қорытындысы бойынша 95 сертификат берілді.

3. АЭА «Алатау ИТП» жаңа замануи «Инновацияларды қолдау орталығының» ашылуы.

«ТКО» ЖШС 2014 жылғы 29 тамыз айында жаңа заманауи «Инновацияларды қолдау орталығының» ашылуына қатысты (Алматы қаласы). Инновацияларды қолдау орталығы инновациялық кластер субъектілерінің жұмыстарына арналған заманауи қызметтер, инфрақұрылым және іскерлік серіктестіктің жиынтығы болып саналады.

4. Қостанай (15-16 қыркүйек), Шымкент (16-17 қыркүйек), Тараз (18-19 қыркүйек), Атырау (25-26 қыркүйек) және Ақтөбе (29-30 қыркүйек) қалаларында өтетін «Технологияларды коммерцияландыру негіздері» тақырыбындағы екікүндік семинарларға шақырамыз.



THE WORLD BANK

Working for a World
Free of Poverty



«Технологияларды коммерцияландыру орталығы» ЖШС Қазақстан Республикасындағы Дүниежүзілік банкінің «Технологияларды коммерцияландыру» жобасын әзірлеу аясында құрылды